

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 234 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және оны жою ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 2 желтоқсандағы № 418 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2633 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2004 жылғы 16 қаңтарда № 9 - 10 (23648) жарияланған);

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және одан айрылу ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 2 желтоқсандағы № 418 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы № 407 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3981 тіркелген);

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат алу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 15 сәуірдегі № 101 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4231 тіркелген);

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды алдын ала келісу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 173 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7735 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 25 тамызда № 551 - 556 (27629) жарияланған).

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ақышевқа жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Г. Марченко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК